

Құмкент ауылы

2024 жыл

ХАТТАМА №1

02 қыркүйек 2024 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас маман отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Жас мамандарды ішкі еңбек тәртібімен таныстыру.
2. Тәлімгерлер мен жас мамандар арасындағы жұмыс жоспарын бекіту, таныстыру жайында
3. «Жас келсе, іске» тренинг
4. «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес. Тақырыбы: «Үштік одақ арасындағы қарым-қатынас».

ТЫҢДАЛДЫ

1. Әдіскер О.Татимова: 2024-2025 оқу жылында кіші топ тәрбиешісі Нұсқабаева Меруерт жас маман ретінде жұмыс тәжірибесін жүргізуде. Ең алдымен оқу жылына арналған балабақшаның ішкі еңбек тәртібінің ережесімен таныстырылды. Ішкі еңбек тәртібінің ішіне жұмыс уақытын сақтау, педагогикалық әдептілік, ата-анамен қарым-қатынас, балалармен қарым-қатынас, ұжыммен ықпалдастық, имандылық пен инабаттылық, педагогикалық этика кіретіні түсіндірілді.

2. Әдіскер О.Татимова: жас маман Нұсқабаева Меруертке былтырғы оқу жылында тәлімгер болып тәрбиеші Бижанова Жадыра бекітілген болатын. Биылғы жылы да тәлімгерлік жұмысын жалғастыратындығы ескертіле отырып, жас маман мен тәлімгер арасындағы жылдық жұмыс жоспарының құрылу керектігі және оны іске жұмыс барысында асыру керектігі айтылды.

3. Әдіскер О.Татимова: «Жас келсе, іске» деген тақырыппен маманмен биылғы оқу жылының өзгерістері, оның құрылымдары, нормативтік құжаттардың барысы мен оның іске асырылып жүргізілуі, топтың перспективасы мен апталық циклограммасыда қайтадан пысықталды. Бірнеше ауызша сауалнамалар алынды және жауаптың негізінде әдістемелік көмек берілді. Түсіндіру жұмыстарының үздіксіз жүргізіліп отыруы қажет екендігін айтты.

4. Тәлімгер Ж.Бижанова: «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты тақырыппен барлық топ тәрбиешілері тәлімгерімен қосылып, күн режимі бойынша іс-әрекеттерге еніп, өздерінің тәжірибесімен бөліссе, әдістемелік көмектерін берсе болар еді деген өзінің ұсынысын білдірді. Сондай-ақ, тәлімгер жас маманға ата-анамен жұмыс жүргізудің заманауи, жаңа әдістерімен таныстырып, жұмыс барысында қолдануы керектігін, сол арқылы үштік одақ жұмысының жанданатынын, сонда ғана алға қойылған жұмыс міндеттері орындалып, іске асатындығын айтып өтті. Жас маманға айтарым күнделікті жұмыс бабымен алға қойған мақсат-міндетке жетуге дағдыланып, жұмыс соңында өзіне анализ жасап үйренгені дұрыс деген кеңесін айтты. Топ құжатын реттеуде, жинақтауда ешқашан салғырттық танытуға болмайды. Ол кезек күттірмейтін іс екенін, жұмыс барысында баланың жас ерекшелігіне қарай ойын топтамаларын тандай білу керек. Себебі, ол баланың жасына сай дамуы, ойлау қабілетінің артуы, зейінінің тұрақтануы үшін өте маңызды дегім келеді.

Бұл ұсынысқа барлық педагог мамандар бір ауыздан келісетіндіктерін білдірді.

ШЕШИМ ЕТТИ

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібін сақтап жұмыс атқару басшылыққа алынсын.
2. Тәлімгер мен жас маман арасындағы жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекітілсін.
3. Жас маманның жұмысын бақылап, әдістемелік көмек көрсетуді жалғастыру, тәлімгері Ж.Бижанова мен топ тәрбиешілеріне тапсырылсын.
4. Топ тәрбиешілермен жас маман арасындағы тәрбиелік және педагогикалық процестің байланысы жасалып, үштік одақпен жұмыс жүргізуді жандандыру мақсатында жас маманға тәжірибе жинақтауда барлық топ тәрбиешілерінен көмек көрсетілсін.



Менгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы

М.Абдраманова

ХАТТАМА №2

04 желтоқсан 2024 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас маман отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 11

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.Әдістемелік көмек: Нормативтік құжаттар
- 2.Тәрбиешінің жаңашылдық қызметі жайлы түсінік

ТЫҢДАЛДЫ

1.Әдіскер О.Татимова

Жас маманмен биылғы 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатында көрсетілгендей нормативтік құжаттармен толық таныстырылды. Сондай-ақ, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, 2024-2025 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен жұмыс жүргізу үшін тапсырма берілді. Алдағы уақытта нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару керектігі баса айтылды. Биылғы оқу жылында жас маман жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысып, өз тәжірибесін көрсетеді.

Тәлімгер Ж.Бижанова:

Қазіргі таңда биылғы жоспарға сәйкес, үлгілік оқу бағдарламасындағы барлық топтың физикалық қасиеттерді меңгеру, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша әр бөлім сұрақ-жауап, ауызша және жазбаша сауалнамалар арқылы тағы да қайталанып түсіндірілді. Перспектива мен апталық циклограмма бойынша әр апта сайын көрсетіп, үзіліссіз тәжірибе алмасып отырмын.

2.Әдіскер О.Татимова:

Жас маманмен биылғы өткен оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне кіріп, өз тәжірибесін толықтыруға, тұшымды ой түюге, өзінің шығармашылық ізденісін арттыруға деген құлшыныс пен серпін беретін ересек, ортаңғы, кіші топтарда балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ашық көрсетілімдер, ашық есік күндеріне ене алатындай мүмкіндік беретін жұмыстар жүргізілді. Осы оқу жылында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерде өзінің үйренгенін іс тәжірибелеріне ендіріп, баламен, ата-анамен жұмыстарда көрсетеді деген сенімдемін.

Тәлімгер Ж.Бижанова:

Осы оқу жылында жас маманның ізденісін арттыру мақсатында жылдық жоспарыма педагогикалық шеберлігін шыңдау үшін педагогтің шығармашылық көрмесін, ата-анамен жұмыстың жаңа тәсілдерін ұйымдастыру үшін ата-анамен жұмыстың заманауи түрлерін үйретумен оны жұмыс барысында пайдалану, түрлі байқауларға қатысу көрсеткішінің артуы үшін түрлі онлайн форматта сауалнамалар мен ата-аналармен топтық іс-әрекеттер ұйымдастыруды жоспарлаған болатынын. Осы оқу жылының ақпан айында аралық ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарланған. Осы жерде жас маман өзінің жинаған тәжірибесі мен үйренген жаңашыл әдіс-тәсілдерін көрсетеді деген сенімдемін.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс атқару үшін жас маманмен жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып, жұмыс жүргізу тәлімгері Ж.Бижанова жалғастырсын.
2. Топ тәрбиешілер мен жас маман арасындағы педагогикалық процес пен шығармашылық байланыстың нығайып, жұмыстардың жандандырылуы үшін әдістемелік көмекті көрсету әдіскер О.Татимоваға міндеттелсін.



Менгеруші

Хатшы

Г. Бимырзаева Г.Бимырзаева

М. Абдраманова М.Абдраманова

«Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдырған бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Құмкент ауылы

2025 жыл

ХАТТАМА №3

31 қаңтар 2025 жылы «Балдырған» бөбекжай-бақшасында жас маман отырысы болып өтті.

Қатысуға тиіс: 12

Қатысқаны: 12

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.Іскерлік ойын: Ұйымдастырылған іс-әрекетке рефлексия.Психолог Г.Абдуллаева
- 2.Жас маманмен сауалнама жүргізу. Тәлімгер Ж.Бижанова

ТЫҢДАЛДЫ

1.Психолог Г.Абдуллаева:

Кіші топ тәрбиешісі Нұсқабаева Меруертпен әрбір кеңестер мен тәжірибелік іс-шараларда әдістемелік көмектер берілуде. Тәрбиеші өзінің әріптестерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне еніп, үйренген жұмыстарын, алған кеңестерін, күнделікті жазып алып, оны өзінің тәжірибесінде қолданып жатқандығының куәсі болудамыз. Күнделікті жұмыс барысында болсын, отбасында болсын оның ішінде ұйымдастырылған іс-әрекетте өткенді еске түсіріп, оның жадыда сақталуын назарда ұстауда. Себебі, бұл енді дамып келе жатқан бүлдіршін үшін өте қажет әдіс. Оның осы арқылы есте сақтауы мен ойлау қабілеті артып, танымдық процесі жоғарылайды. Өткенді еске түсіру арқылы алдағы жұмыстарға жоспар құру. Бұл рефлексия тек жас маман емес әрбір адам өзінің күнделікті жұмысына рефлексия жасаса, өзінің сол күнгі жұмысының мақсат-міндеттерінің орындалғанына көз жеткізеді.

Бүгінгі жас маманмен отырыста психолог «Өзіңді өзің таны» іскерлік ойынын ұйымдастырды. Бұл ойын арқылы педагогтердің эмоционалды екендігіне көз жеткізді. Жағымды атмосфера орнату арқылы өзі арқылы өзгенің жақсы қасиеттерін тану мен бағалауды көрсете алды.

2.Тәлімгер Ж.Бижанова:

Үлгілік оқу бағдарламасындағы әр бөлім, әр жас ерекшелігі бойынша берілген міндеттерді түсіндіру, сол міндеттерге байланысты ойын түрлерін таңдау мен шарттарымен таныстыру, оларға арналған қажетті құралдар мен қажетті ресурстардың сапалы да баланың жас ерекшелігін ескере отырып сай әзірленуі секілді өте көп сан салалы сұрақтарға жауап алу үшін тынымсыз еңбектігін айта отырып, әдістемелік көмекті көрсете отырып берудемін. Өзімнің ұйымдастырылған іс-әрекеттерім, режимдік сәттің уақыттары бойынша, апталық циклограмма бойынша жылдық жасаған жоспарыма сай көрсетіп, тәжірибе алмасуды да жалғастырудамын. Сондай-ақ, жас маманмен және жас маман арқылы барлық педагогке ой тастайтын ситуациялық сұрақтар мен логикалық тапсырмалар, ойын түрлері мен оны түрлендіру жолдарына арналған бірнеше ауызша сұрақ-жауап пен сауалнамалар жүргізді.

ЖАРЫССӨЗ

Логопед М.Абдраманова:

Бұл іс-әрекет барлық педагогтің ойынан шықты деп ойлаймын. Сондықтан әрбір кеңес осындай әдістемелік көмекке ұштасатын сұрақ-жауаптар мен сауалнамаларға толы болса, айтылым дағдымыздың арта түсетіні анық.

Дефектолог М.Айтуова:

Баланың сөйлеу тілінің бұзылыстарын қалпына келтіру үшін жұмыстар жүргізу арқылы өзіміздің ізденімпаздығымыз бен шығармашылығымызды қалыптастырудамыз. Жас маманға өзінің жұмысынды, алдындағы тәрбиеленіп отырған баланы жақсы көр. Сонда ғана жұмысыңның жемісін көресің дегім келеді.

WELIIM ETTI

1. Ұйымдастырылған іс-әрекетке рефлексия жасап, оның болашаққа берер нәтижесіне назар аудару керек.
2. Тәлімгер бүгінгі отырыста жас маманнан ауызша алған сауалнамалары бойынша анализ жасап, қорытындысын келесі жас маман отырысына дайындау.



Менгеруші

Т.Бимырзаева

Хатшы

М.Абдраманова